

20.06.2023-ғы № 1-503 шығыс хаты

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ**



**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ МАСЛИХАТА
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

160023, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, 160023,
NursultanNazarbaev даңғылы, 10
Тел.: 8 (7252) 24-74-00

город Шымкент, Каратауский район,
проспект Nursultan Nazarbaev, 10
Тел.: 8 (7252) 24-74-00

**Шымкент қаласының
әкімі
М.Әйтемовке**

Құрметті Мұрат Дүйсенбекұлы!

Шымкент қаласының мәслихатына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Ақ жол» демократиялық партиясының фракция мүшелерінің және «ҚР Қоғамдық тамақтандыру өзін-өзі реттейтін ұйымы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер бірлестігінің төрағасы В.Нурпеисовның Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 696-3-бабына сәйкес бөлшек салықтың әлеуметтік салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеменің мөлшерін төмендету мәселесіне қатысты өтініші келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 5 бабы 3 тармақшасына сәйкес *Жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе кірістерін қысқартуды көздейтін жергілікті өкілді органдар шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана мәслихаттардың қарауына енгізілуі мүмкін. Әкімнің қорытындысы тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып жасалады.*

Осыған орай, аталған мәселені зерделеп, бюджет мүмкіндігін ескере отырып, тиісті шешім қабылдап, Шымкент қаласы мәслихатына ұсыныс енгізуді сұраймын.

Қосымша. 4 парақ.

Б.Нарымбетов